

ГУРЬЕВ КЕҢЕС-ПАРТИЯ МЕКТЕБІ ТАРИХЫНАН

Есенбулатқызы Гүлнұр E-mail: esenbulatkyzygulnur01@mail.ru «Тарихшы педагог» білім беру бағдарламасының 1 курс магистранты Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы Ғылыми жетекшісі, т.ғ.д., қауымдастырылған профессор – Бердіғожин Л.Б.

Гурьев кеңес-партия мектебі тарихынан Кіріспе: Кеңес тарихында 1920-1930 жылдар аралығында саяси, мәдени және білім беру салаларында айтарлықтай өзгерістер болды. Бұқараны ағартуға, сауатсыздықпен 556 күресуге және социализм идеяларын халық арасында таратуға ерекше назар аударылды. Гурьев бұл процеске белсенді қатысқан қалалардың бірі ретінде өзгерістердің өзіндік факторы болды. РКП(б) тоғызыншы Съезінің шешімімен Шығыс халықтары арасында ағартушылық жұмыстарға ерекше назар аударылды. Осы тұрғыда Гурьев жергілікті халыққа социализм идеяларын енгізу мен таратудың белсенді орталығына айналды. Бұл процесте қаланы азат еткен Чапаев дивизиясының саяси бөлімі маңызды рөл атқарды. Бұл мақалада біз Гурьевте мәдени-ағарту жұмыстарын ұйымдастыруды және жүргізуді, кадрлардың жетіспеушілігі жағдайындағы осы процестің ерекшеліктерін, сондай-ақ бұқараны саяси тәрбиелеу және социалистік идеяларды тарату бойынша одан әрі жұмыс істеу үшін кадрлар даярлауда маңызды рөл атқарған Гурьев кеңес-партия мектебін қарастырамыз. Кеңес-партия мектептері Кеңес Одағында мамандар мен басшылық кадрларды дайындаудың маңызды құралы болды. Олар партия қызметкерлерін, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік органдардың өкілдерін даярлау үшін құрылды және коммунистік идеяларға идеологиялық адалдықты, сондай-ақ социалистік жүйеде тиімді басқарудың кәсіби дағдыларын дамытуға бағытталған. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетінде «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақала жариялады. Мақалада «Тәуелсіздіктің отыз жылын шартты түрде үш онжылдық белеске бөліп қарастыруға болады. Оның әрқайсысы атқарған миссиясы тұрғысынан ғасырдың жүгін арқалап тұр» дей отырып сындарлы ой қорытқан Мемлекет Басшысы Қ.К.Тоқаев ел тарихының іргелі мәселелеріне жаңаша көзқараспен қарауды «деректі тарихи туындыларда мемлекеттілік және мемлекетшілдік идеясы әрдайым көрініс табуы қажет» дей отырып таным мен тағылымды ұмытпауды міндеттейді. Әсіресе, халқымыздың ауыртпалықты кезеңдерінің толық зерттелуін және ол зерттеулердің барша халыққа қолжетімді болуына баса мән берді. Кеңестік кезеңде денсаулық сақтау, сауатсыздыққа қарсы күресумен қоса мәдени-ағарту ісіне де ерекше мән берілді. Гурьевте бұл істі бірден қолға алуға «РКП(б) Орталық Комитетінің Шығыс халықтары арасындағы жұмыс жөнінде» алған хатымен РКП(ы)-ның тоғызыншы съезі шешімдерінің зор маңызы болды. Мұнда бұқара арасындағы саяси-ағарту ісіне ерекше көңіл бөлінді. Бұрын барлық үгіт-насихат жұмысы жауды талқандау сипатында болып келсе, енді халықты социализмді қалай құру керектігін түсіндіру қажеттілігі туды. Гурьевте бұқараны мәдени-саяси жағынан ағарту ісі 1920 жылдың басынан қолға алынды. Жергілікті партия, совет аппараты құрылғанға дейін бұл жұмысты қаланы азат еткен Чапаев дивизиясының саяси бөлімі жүргізді. 1920 жылы дивизияның саяси бөлімі қала еңбекшілерінің митингісін ұйымдастырып, онда «Кеңес өкіметі және Құрылтай жиналысы деген не?» деген тақырыпта дәріс оқыды. 13 ақпанда қалалық кинотеатр залында «Азамат соғысы туралы», дәріс оқыды. Алғашқы күннен барлық мәдениет ошақтары есепке алынып, үгіт-насихаттың барлық формаларын пайдаланды. Діни мейрам күндері де оны өткізуге қарсылық жасамай, осында да жиналған халықтар арасында кеңес өкіметінің саясаты түсіндірілді. Үгіттің мұндай формалары үйлену, нәрестенің өмірге

келу тойлары, өлгенге ас беру мезгілінде де жүргізілді. Мұны жүргізгенде Гурьев мемлекеттік ұйымдары Кеңес үкіметінің « Шығыс халықтарының өмірінде дін әлдеқайда үлкен орын алады. Мұның өзі діни сенімдерге қарсы күресте үлкен сақтық болуын керек етеді. Діни нанымдарға қарсы күрескенде, дінді тікелей бекерге шығару арқылы емес, қайта оқу-білімді тарату арқылы діннің тамырын кесу жолымен мұсылмандық діни сословие құрылысының таптық сипатын ... көрсете отырып күресу керек » деген тұжырымы негізінде жүргізді. 1921 жылдың бір ғана май айында қала еңбекшілері арасына орталықтан шыққан 1558 брошюра, 300 үндеу, 519 газет таратылып, 13 әңгіме, кеңес өткізді. Гурьевтіктер тек өз қаласында мұндай жұмыс жүргізіп қоймай, болыстағы көшпелі қазақ ауылдарында да саяси бұқаралық жұмысты өрістетті. Кадрлардың жетіспеуіне қарамастан ауылдарға қызыл керуен, 557 көшпелі қызыл отаулар жіберді. Қалалық партияда жоқтар фракциясы жиналысы, әйелдер жиналысы, партия мен үкімет саясатын түсіндірудің, үгіт-насихат жұмысын халық бұқарасына кең таратудың негізгі кепілі болды. Мұндай жиналыстарда, кеңестерде партия, кеңес ұйымдары басшылары жиі баяндама, дәрістер, әңгіме өткізіп тұрды. Бірақ осының бәрі Гурьевте бұқараны мәдени-саяси жағынан ағарту ісі кадрлардың өте тапшылығы жағдайында жүргізілді. Сондықтан қазақстандық бірінші партия конференциясы «көп қызметкерлерді әкімшілік қызметтен алып, саяси ағарту жұмысына жіберу керек деп» тапты. Бірақ бұл шараның өзі де көбіне жеткіліксіз еді. Сондықтан мәдени-ағарту қызметкерлері мен насихатшылар дайындау кеңес-партия мектебіне жүктелді. 1923 жылы 19 шілдеде Гурьев уездік партия комитеті бюро отырысы «қалада 50 адамдық кеңес-партия мектебін ашуға» қаулы алып, үш адамнан комиссия құрды. Сол жылдың 7 қарашасында 50 курсанты бар Гурьев кеңес-партия мектебі ашылды. Мектепке оқытушы кадрлар орталық қалалардан шақырылған, осы кезде бар болғаны екі оқытушы сабақ жүргізді. Гурьев мемлекеттік мекемелер және кәсіподақ, комсомол ұйымдары басшылары да мектеп оқытушысы ретінде саналды. Алғаш кеңес-партия мектебі қатарына қабылданғандардың дені ұлттық кадрлар еді. Мұның өзі жергілікті ерекшелігіне қарай, ауыл, село, болыстарда негізінен қазақтардың қоныстануымен байланысты жасалды [1].

Гурьев кеңес-партия мектебіне қабылдау ережелері: Гурьев кеңестік партия мектебі – орыстар үшін 2 жыл, қазақтар үшін 3 жыл оқу мерзімі бар орта партия мектебі болып табылады. Партия мектебінде оқитындар саны 250 адамға дейін артады. 1930-1931 оқу жылынан бастап партия мектебінің арнайы бағыты болады: партиялық насихатшы және саяси-ағартушылық. Қазақтар үшін дайындық бөлімі болады, оған осы жылы 60 адам қабылданады. Бірінші курсқа қабылдау-90 адам. Оның 30-ы қазақтар, 60-ы орыстар. Оқу мерзімі-2 жыл. Жергілікті жерлерде партиялық комитет, комсомол, саяси ағарту өкілдерінен тексеру комиссиясы құрылуы тиіс. Бұл комиссияның міндеттеріне мыналар кіруі керек: а) Партия мектебіне түсуге ниет білдіргендердің өтініштерін қабылдау; б) Талапкерлерді тексеру және қабылдау шарттарына сәйкес келетіндерді таңдау; Қабылдау шарттары: 1. Партия мектебіне тек БКП (б) мүшелері мен кандидаттары қабылданады. 2. Дайындық Қазақ бөлімшесіне қазақ және орыс тілдерінде еркін оқи алатын, өз ойларын ауызша жеткізе алатын, 4 арифметикалық жай сандардағы іс-қимылдарды еркін есептей алатын адамдар іс-сапарға жіберіледі. 3. 1 курсқа түсушілер келесі талаптарды қанағаттандыруы керек: жақсы оқи білу, ана тілінде жаза білу, жай және ондық бөлшектермен таныс болуы, әлеуметтік ғылымдар бойынша жоғары типтегі саяси мектептер көлемінде білім қажет. 4. Гурьевке іріктеп алынған және жіберілген студенттердің келесі құжаттары болуы керек: а) Жеке басы, жасы, мүліктік жағдайы (үйі бар-жоғы, мал саны, балық аулау құралдары, қайық бар ма, колхоз мүшесі ме) туралы мәліметтерді қамтитын анықтама. б) іссапар куәлігі. в) жұқпалы аурулармен ауыратын науқастар мектепке қабылданбайтынын есте сақтай отырып, сауаттылық туралы куәлік

және денсаулық жағдайы туралы анықтама. 5. Жасына қарай іс-сапарға жіберілгендер 20 жастан төмен емес және 35 жастан аспауы тиіс, ал қазақтар 18 жастан кем болмауы тиіс. Таңдалған партия мектебінің оқушылары мектеп пен Бүкілодақтық коммунистік партия большевиктер партиясының уездік комитетінің арнайы хабарлауы бойынша Гурьевке келуі керек. Жергілікті ұйымдар іс-сапарға жіберілгендерді жол жүрумен қамтамасыз етуі керек: мектеп шығындарды түпкілікті қабылдағанға дейін өз мойнына алмайды. Мектепке қабылданған кезде курсанттар тегін жатақханамен, тамақпен, киім-кешекпен, әдебиеттермен, оқу құралдарымен және керек-жарақтармен және белгіленген мөлшерде стипендиямен қамтамасыз етіледі. Партия мектебінің үзіліссіз және оқу-ағарту халық комиссариаты партия 558 кадрларын даярлауға қатысты қабылдаған директивасына көшуіне байланысты әрбір жеке шаруашылық бөлімшелері: колхоз, кәсіпорын, кәсіподақ өзінің қызмет жоспарына кадрлар даярлауды енгізуге, ол үшін ол студентті оқыту және қамтамасыз ету шығындарының бір бөлігін өз мойнына алуы керек [2]. Кеңес-партия мектептері марксизм-ленинизмді, коммунистік партияның тарихын, саяси экономиканы, басқару теориясы мен практикасын және әлеуметтік ғылымдардың әртүрлі аспектілерін зерттеуді қамтитын көп деңгейлі оқыту бағдарламаларын ұсынды. Жиналыстарда коммунистік білім берудің бүкіл желісінде ленинизмді оқытуды ұйымдастыру туралы тыңдалды. Кеңестік партия мектептерінде, училищелер мен әскери саяси мектептерде Лениннің осы мектептерде оқытылатын басқа да қоғамдық пәндердің бағдарламаларына енгізілген тақырыптар мен мәселелерді қамтудағы қосқан үлесін зерттеуге барынша орын беру керек деп айтылды. Сол сияқты, марксистік үйірмелер де өз зерттеулерінде Лениннің көзқарастарын және оның революциялық марксизмге қосқан үлестерін өз бағдарламаларына енгізілген мәселелер бойынша зерттеуге барынша орын бөлуі керек. Ленинизмді жүйелі зерттеу мақсатында, саяси-ағарту жұмысының барлық бағыттары бойынша Ильич өсиеттерін жүйелі түрде оқып-үйрену түрінде үнемі насихатталуы керектігі көрсетілді [3]. Мектептің деңгейі мен бейініне байланысты бағдарламалар мемлекеттік басқару, партиялық қызмет, қоғамдық ұйымдар, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығын қоса алғанда, әртүрлі қызмет салаларына бағытталған болуы мүмкін. Кеңестік партия мектептерінің түлектері партияда да, мемлекеттік құрылымдарда да жоғары қызметтер атқарып, кеңестік қоғамда шешуші рөл атқарды. Олардың білімі мен марксизм-ленинизмге идеялық беріктігі оларды партия мен мемлекет саясатын жүзеге асырудың маңызды кадрларына айналдырды. Қорытынды: 1920-1930 жылдар аралығында Гурьев Кеңес Одағында социализм құрылысының контекстінде белсенді саяси және мәдени-ағартушылық жұмыстардың үлгісі болды. Шектеулі ресурстар мен кадрлардың жетіспеушілігіне қарамастан, қала сауатсыздыққа қарсы күрес, социализм идеяларын насихаттау және халықты мәдени ағарту бағдарламаларын сәтті жүзеге асырды. Саяси тәрбие мен насихаттау бойынша одан әрі жұмыс істеу үшін кадрлар даярлаудың негізгі құралына айналған Гурьев кеңестік-партиялық мектебінің құрылуы ерекше маңызға ие болды. Қазақтар үшін арнайы дайындық бөлімшесінің енгізілуі социализмді құру процесінде ұлттық кадрлардың жергілікті ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеруді көрсетті. Гурьевтегі жүйелі саяси және мәдени-ағартушылық жұмыс аймақтағы Социалистік тәртіп пен идеологияны нығайтуға негіз болды. Кеңес-партия мектебінің дамуы және оның кадрлық базаның қалыптасуына әсері биліктің тұрақты дамуға және халық арасында социализм идеяларын шоғырландыруға деген ұмтылысын көрсетеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі: 1. Табылдиев Х.Б. Атырау қаласының тарихы (1917-1937 жылдар). Алматы: Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, 2018.-208 бет. 2. «Рабочая правда».-1930.-23 июнь.- №56 3. Атырау облыстық мемлекеттік архиві. 3- қ., 1-т., 217- іс, 6-п. 559

